



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

030700, Қандыағаш қаласы, Жастықм/а №2 Д  
факс: (871333)3-55-62, 3-08-04  
E-mail: [mugroo@mail.kz](mailto:mugroo@mail.kz)

030700, г. Кандыағаш, м/р Молодежный №2 Д  
факс: (871333)3-55-62, 3-08-04  
E-mail: [mugroo@mail.kz](mailto:mugroo@mail.kz)

« 21 » 04 2025 жыл

№1-499

« 21 » 04 2025 год

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне  
ішкі талдау жүргізу және талдау жүргізетін  
жұмысшы тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мұғалжар аудандық білім бөлімі» ММ қызметіне 2025 жылдың 1 мамыры мен 1 маусымы аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылсын:

1) бөлімшенің қызметін қорғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Талдау жүргізетін жұмысшы тобы келесі құрамда құрылсын:

**Ж. Байтақов** – білім бөлімінің сектор меңгерушісі, ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық жүктелген тұлға, әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл, жұмыс тобының басшысы;

**М. Шарипов** – білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі – жұмыс тобының мүшесі;

**Е. Әлібекұлы** – білім бөлімінің бас маманы – жұмыс тобының мүшесі;

**М. Шуйншибекова** – әкімшілік жұмыстар, персоналды басқару және педагог кадрлармен жұмыс бөлімінің бас маманы – жұмыс тобының мүшесі;

**Р. Ашимов** – Ақтөбе облысының ардагерлер кеңесінің төрағасы - жұмыс тобының мүшесі.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Бөлім басшысы**



**Б. Аманжол**